Wi-Fi USB адаптері

Үлгісі: WU650

Өнім паспорты
Орнату бойынша қысқаша нұсқаулық

CUDY желілік құрылғысын сатып алғаныңыз үшін Сізге алғыс айтамыз. Пайдалануды бастамас бұрын нұсқаулықпен мұқият танысып, өнімді қауіпсіз пайдалану жөніндегі барлық ұсынымдарды орындаңыз. Толық нұсқаулықты мына мекенжайдан қараңыз: https://cudy.blade.ru/


Wi-Fi USB сымсыз адаптері стационарлық компьютерді немесе ноутбукті Wi-Fi роутеріне (маршрутизаторға) немесе Wi-Fi желісінің қолжетімділік нүктесіне сымсыз қосуға арналған. Адаптер компьютердің немесе ноутбуктің USB қосқышына жалғанады.

Драйверді орнату

1. USB-адаптерді тікелей компьютердің USB-портына салыңыз.



2. Компакт-дискіні компьютердің диск жетегіне салыңыз.



3. Драйверлері бар қалтаны ашып, «Setup.exe» орнату файлын екі рет шертіңіз. Орнатуды аяқтау үшін «Next» батырмасын басыңыз.




4. Орнату аяқталғаннан кейін тапсырмалар тақтасының оң жақ төменгі бұрышында [REALTEK Client Management Software] белгішесі пайда болады, ол сәтті орнатуды білдіреді.




Wi-Fi адаптерінің режимдері


1. REALTEK USB Wireless LAN Utility белгішесін екі рет шертіңіз.
2. Жоғарғы мәзірде « Available Network» (Қолжетімді желі) батырмасын басып, қосылғыңыз келетін сымсыз желінің SSID-ін таңдаңыз.



3. Желі құпиясөзін енгізіп, растап, төменде көрсетілгендей «OK» батырмасын басыңыз:




4. Сәтті қосылғаннан кейін экранда сигнал деңгейі мен байланыс сапасы төменде көрсетілгендей көрсетіледі:




SoftAP режимі (Wi-Fi қолжетімділік нүктесі)


1. Басқару бағдарламасының белгішесін басып, содан кейін [Mode] мәзірін ашып, төменде көрсетілгендей [Access Point] таңдаңыз:



2. Қолжетімділік нүктесі режиміне ауысқаннан кейін SSID жолында компьютердің аты төменде көрсетілгендей көрсетіледі:



3.Сымсыз желінің қасиеттерін баптау диалогтік терезесін ашу үшін жоғарыдағы суреттегі “ Configuration“ батырмасын басып, желі атауының (SSID), арнаның, шифрлау алгоритмінің және құпиясөздің параметрлерін орнатыңыз. “OK” батырмасын басыңыз.
4.Компьютерге қосылған желіні таңдау үшін “ICS” батырмасын басып, содан кейін төменде көрсетілгендей “Application” батырмасын басыңыз:



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Адаптерді 64-биттік жүйелерге және Windows 10-ға қосқанда қолжетімділік нүктесі режимі қолдау таппайды

Wi-Fi-ды қалай жылдамдатуға болады?

ЕСКЕРТУ: Wi-Fi өнімділігі көптеген факторларға, оның ішінде қашықтыққа, экрандауға, қашықтағы Wi-Fi спецификациясына, радиожиілікке, Wi-Fi арналарына, Wi-Fi өткізу қабілетіне, радиотосқауылдарға және т.б. байланысты.

Өнімділікті арттыру үшін мына әрекеттерді орындап көруге болады.

1. Wi-Fi маршрутизаторын биігірек жерге орналастырыңыз. Бұл кейбір экрандаудан және бұғаттаудан аулақ болуға мүмкіндік береді.

2. Компьютеріңіздің немесе телефоныңыздың Wi-Fi маршрутизаторына 5 ГГц жиілікте қосылғанына көз жеткізіңіз. Әдетте 5 ГГц пайдаланушылар үшін 2,4 ГГц-ке қарағанда жоғары өнімділік қамтамасыз етеді.

3. Егер Wi-Fi қосылымы 5 ГГц жиілікте жұмыс істесе, Wi-Fi маршрутизаторында басқа сымсыз байланыс арнасын пайдаланып көруге болады. Мысалы, арнаны Band 1-ден Band 4-ке немесе Band 4-тен Band 1-ге өзгертіңіз. ЕСКЕРТУ: 1-диапазонға ch36, ch40, ch44 және ch48 кіреді. 4-диапазонға ch149, ch153, ch157, ch161 және ch165 кіреді.

4. Wi-Fi маршрутизаторында арна енін 80 МГц етіп орнатып көріңіз.

Қуат көзі

5 В / 0.5 А(DC), USB арқылы. Құрылғының толық параметрлерін https://cudy.com, https://cudy.blade.ru мекенжайларынан қараңыз

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.
Құрылғыны қауіпсіз пайдалану. Электр желісіндегі кернеудің құрылғының жұмыс кернеуіне сәйкес келетінін тексеріңіз. Электр тогының соғуын болдырмау үшін құрылғының корпусын өз бетіңізше ашпаңыз. Құралды жөндеуге болмайды және оған өзгерістер енгізуге болмайды. Қызмет көрсетуді тек сервис орталықтарының білікті мамандары жүргізуі тиіс. Өрттің шығуын немесе электр тогының соғуын болдырмау үшін құрылғыны жаңбырдың, ылғалдың, тамшылар мен шашыраулардың әсеріне ұшыратпаңыз, құралды суға батырмаңыз. Құрылғыны орнықсыз бетке қоймаңыз. Құрылғыны найзағай кезінде қосымша қорғау үшін, сондай-ақ оны ұзақ уақыт пайдаланбайтын жағдайларда, найзағай соққысынан немесе электр желісіндегі кернеудің секірулерінен сақтау үшін қуат көзінен ажыратыңыз. Құят кәбілін ажырату үшін тікелей қосқыш негізінен ұстаңыз, ешбір жағдайда кәбілден тартпаңыз. Кәбілдердің ыстық және өткір заттармен жанаспауын қадағалаңыз. Сақтау және жұмыс үшін спецификацияда көрсетілген температуралық режимді сақтаңыз. Құрылғының жеткілікті желдетілетін жерлерде орнатыңыз. Қызып кетуді болдырмау үшін оны ешқашан матамен немесе басқа материалмен жаппаңыз. Құрылғыны жылу көздерінің, мысалы радиаторлардың, электр жылытқыштардың және т.б. жанына, сондай-ақ тікелей күн сәулесінің әсеріне, шамадан тыс шаңдануға немесе механикалық соққыларға ұшырайтын жерлерге қоймаңыз. Мына жағдайларда сервис орталығына хабарласу керек: құрылғының ішіне бөгде заттар түсті, оған сұйықтық төгілді, құрылғыға жаңбыр жауды, құрал құлап зақымданды, құрылғы дұрыс жұмыс істемейді, оның жұмысында айтарлықтай өзгерістер пайда болды. Пайдалану және сақтау бойынша аталған талаптарды сақтамау кепілдік қызмет көрсету құқығынан айырады. Электрондық құрылғыларды кәдеге жарату ережелерін сақтаңыз. Өндіруші құралды дұрыс пайдаланбаудан немесе сақтық пен қауіпсіздік шараларын сақтамаудан туындаған кез келген зақымдар үшін жауап бермейді. Өндіруші құрылымға, сыртқы түріне, өнімнің бағдарламалық қамтамасыз етуіне алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Осыған байланысты соңғы өнім мен бағдарламалық қамтамасыз ету келтірілген сипаттамадан/суреттен өзгеше болуы мүмкін.

Өндіруші: Шэньчжэнь Кыюи Технолоджи Ко., Лтд., алушының мекенжайы: Оф.А606, АД Билдинг, Стр.1, Гаоксинки Индастриэл Парк, Лиуксиан 1й Роуд, Баован 67 Дистрикт, Шэньчжэнь, Қытай 518101. Өндіруші зауыт: 4Ф, Билдинг 3, Ханхайбо Хай-Тек Индустриальный Парк, 10-я Индастриал Зоун, Танлиао Комьюнити, Ютанг Нейборхуд, Гуангмин Дистрикт, Шэньчжэнь, Қытай. Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Сарыарқа данқ., 12 ғим., Қазақстан Республикасы. Кепілдік мерзімі: 12 ай. Қызмет ету мерзімі: 2 жыл. Жарамдылық мерзімі: шектелмейді. Сервис орталықтарының мекенжайлары мен кепілдік қызмет көрсету шарттары https://blade.ru/service/ мекенжайында орналастырылған. ТР ТС 004/2011 «Төмен вольты жабдықтың қауіпсіздігі туралы»; ТР ТС 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі»; ТР ЕАЭС 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника өнімдерінде қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» талаптарына сайкес келеді.

Қытайда жасалған

RoHS
Made in China